

**"Алматыэлектркөлік" ЖШС**  
**Бас директоры**  
**А.К.Бейсембаевтың**  
**2024 жылғы "04" ғазак**  
**№7-1142/24 бүйрығымен**  
**бекітілген**

**«Алматыэлектркөлік» ЖШС қызметкерлерін сыйбайлас  
жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе болуы мүмкін  
бұзушылықтар туралы ақпараттандыру  
ТӘРТІБІ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. «Алматыэлектркөлік» ЖШС қызметкерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы ақпараттандыру тәртібі «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» ҚР 18.11.2015 жылғы № 410-V ҚРЗ Заңына сәйкес әзірленді; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 03.01.2023 жылғы № 188-VII ҚРЗ Заңымен, Қазақстан Республикасы Президентінің 02.02.2022 жылғы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасымен әзірленді.

1.2. Осы Тәртіп қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы жұмыс берушіні хабардар ету тәсілін айқындауды.

1.3. Осы Тәртіп қызметкерлердің кәсіби қызметті жүзеге асыруы кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған кездегі іс-кимыл тәртібін белгілейді.

**2. Қысқартулар мен белгілеулер.**

2.1. Осы Тәртіpte мынадай қысқартулар мен белгілер пайдаланылады:

- 1) «Алматыэлектркөлік» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) - «Алматыэлектркөлік» ЖШС Жаупкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 2) Тәртіп - Серіктестіктің қызметкерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібі;
- 3) Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілері туралы хабарламаларды тіркеу журналы.

### **3. Терминдер мен анықтамалар.**

- 1) **сыбайлас жемқорлық** - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өзінің (қызметтік) өкілеттіктерді және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өзі не үшінші тұлғалар үшін, сол сияқты осы адамдарды игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы сатып алу;
- 2) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі және оларды жою салдары;
- 3) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** - заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік);
- 4) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
- 5) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;
- 6) **пара** - адамның өзінің қызметтік өкілеттіктері қолданылатын бағыныстыларынан немесе өзге де адамдардан қызмет бойынша қамқорлық жасағаны немесе жол бергені үшін, өз құзыретіне кіретін, оның ішінде болашақта мүмкін болатын мәселелерді қолайлы шешкені үшін ақша қаражатын немесе өзге де құндылықтарды алуы. Қызмет бойынша жалпы қамқорлық, атап айтқанда, бағынысты адамды негіzsіз тағайындаудан, оның ішінде белгіленген тәртіпті бұзып, неғұрлым жоғары лауазымға, оны көтермелеу төлемдеріне ұсынылатын адамдардың тізіміне енгізуге және т.б. қызмет бабында жол беруге бақылаушы органның лауазымды адамының пара беруші жасаған бұзушылықты анықтаған жағдайда оның өкілеттігіне кіретін жауапкершілік шараларын қолданбауға келісімі жатады.

### **4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібі.**

4.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелуе мақсатында жүгіну фактілері туралы хабардар ету Серіктестіктің әрбір қызметкерінің міндегі болып табылады;

4.2. Серіктестіктің қызметкерлері өзінің тікелей басшысына және комплаенс қызметінің офицеріне сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында қандай да бір адамдардың өздеріне жүгіну фактілері немесе барлық жағдайлары туралы дереу хабарлауға міндепті;

4.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабарлама бір күн ішінде оны Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты адамға электрондық пошта арқылы хабарлау жолымен жазбаша нысанда жіберілуге тиіс;

Алынған мәліметтердің қупиялылығын жұмыс беруші және Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты адам қамтамасыз етеді;

4.4. Көрсетілген мерзімде хабарлама жіберу мүмкін болмаған кезде (науқастанған, демалыста болған, іссапарда болған және т.б. жағдайда) Серіктестіктің қызметкери жұмыс орнына келгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде хабарлама жібереді.

## **5. Хабарламада көрсетілуге тиіс мәліметтер тізбесі:**

5.1. тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс телефоны, сондай-ақ хабарлаушының пікірі бойынша онымен байланыс орнатуға көмектесетін ақпарат;

5.2. қызметкерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелуе мақсатында немесе Серіктестіктің басқа қызметкерлерінің немесе өзіне кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде белгілі болған өзге де адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың барлық жағдайлары туралы өтініш жасаған кездегі мән-жайлар;

5.3. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру мақсатында өтініш жасаған адам (жеке немесе занды) туралы белгілі мәліметтер;

5.4. өтініштің мәнін баяндау (жүгіну күні мен орны, қандай әрекетті (әрекетсіздікті) жасауға көндіру, ұсынылған пайда, болжамды салдарлар, жүгінудің өзге де мән-жайлары);

5.5. осы іске қатысы бар адамдар және куәлар туралы мәліметтер, егер олар бар болса;

5.6. ескертушінің қолы және жасалған күні.

Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға хабарламаны алған күні сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасау фактілері туралы хабарламаларды тіркеу журналында (1-қосымша) тіркеуді жүзеге асырады, сондай-ақ үйим басшысын хабардар етеді.

Жасырын хабарламалар Журналда «жасырын» деген белгімен тіркеледі және қаралмайды.

## **6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталған кездегі іс-қимыл тәртібі.**

6.1. Накты мән-жайларды анықтау мақсатында 3 жұмыс күні ішінде басшылыққа тағайындалған адамдар (сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты адам және қаралатын мәселеге байланысты өзге де адамдар) тексеру іс-шараларын жүргізеді;

6.2. тексеру барысында: адамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау мақсатында қызметкерге жүгініне ықпал еткен себептер мен жағдайлар анықталуға тиіс;

6.3. тексеру нәтижелерін тексеру іс-шаралары аяқталғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда басшыға ұсынады;

6.4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылу фактісі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндіру мақсатында жүгіну фактісі расталған жағдайларда басшыға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа жол бермеу жөніндегі шараларды қолдану жөнінде ұсыным шығарылады. Басшы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қорғау органдарына ақпарат беру туралы шешім қабылдайды;

6.5. егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактісі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында жүгіну фактісі расталмаса, бірақ жүргілген тексеру барысында қызметтік мінез-құлыққа қойылатын талаптардың бұзылу белгілері, қызметкердің өзінің қызметтік лауазымдық міндеттерін орындауда фактілері анықталса, онда материалдар үш жұмыс күні ішінде тиісті шешім қабылдау үшін тәртіптік комиссияның қарауына беріледі.

## **7. Қорытынды ережелер**

Осы тәртіп қызметкерлердің бастамасы бойынша да, басшылықтың бастамасы бойынша да қайта қаралуы мүмкін.

*1 Қосымша*  
«Алматыэлектркөлік» ЖШС  
қызметкерлерін сыйбайлар  
жемқорлыққа қарсы заңнаманы  
бұзу фактілері немесе болуы  
мүмкін бұзушылықтар туралы  
хабардар ету тәртібіне

**Сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермеледеу  
мақсатында жүргіну фактілерін тіркеу**

**ЖУРНАЛЫ**

№	Тіркеу күні мен уақыты	Хабарлама берген (жіберген) тұлға туралы мәліметтер			Хабарламаның қысқаша мазмұны	Хабарламаны қабылдаған адамның Т.А.Ж.	Ескерту
		Т.А.Ж.	лауазымы	телефон нөмірі			